ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

«ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

АКИМАТ КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ»

БҰЙРЫҚ

«12» қаңтар 2026 ж./г.

Қызылорда қаласы

ПРИКАЗ

№ 05-нқ

город Кызылорда

Мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының 3-тармағы 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2025-2026 оқу жылының ақпан-мамыр айларына арналған білім берудің мемлекеттік нысандарын мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырсын.

2. 2025-2026 оқу жылына арналған электронды оқулықтар платформасын мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасауға «Атамұра» баспасының www.oqulyqtar.kz платформасы және «Астана-кітап» баспасының www.mersys.io платформасы айқындалсын.

3. Басқарманың білім саласындағы қаржылық есептілік пен бюджеттің орындалуына талдау жүргізу және мемлекеттік сатып алу бөлімі осы бұйрықтан туындайтын шараларды қабылдасын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау басқарма басшысының орынбасары А. Қанатовқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Басқарма басшысы **А. Есжанов**

005952

Түсіндірме

«Орта білім беру ұйымдарына арналған жекелеген пәндер бойынша оқулықтар мен базалық оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің 3 маусымдағы 2025 жылғы №132 бұйрығында және «Монополияға қарсы органның ұқсас тауарлар жасауды және қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқ екендігі туралы және тиісті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді бәсекелестік негізде сатып алудың өзге мүмкіндігінің жоқ екендігі туралы қорытынды беру қағидалары» Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі Төрағасының м.а. 2025 жылғы 16 маусымдағы № 6 бұйрығының 12.2-тармағына сәйкес «Атамұра» баспасының www.oqulyqtar.kz платформасына Қызылорда облысының білім басқармасының облыстық «№2 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернаты» КММ, «Еркін Әуелбеков атындағы №4 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернаты» КММ, «№ 8 Облыстық арнайы санаториялық мектеп-интернаты» КММ, «№5 арнайы мектеп-интернаты» КММ, «№6 арнайы мектеп-интернаты» КММ-і және «Астана-кітап» баспасының www.mersys.io электронды оқулықтар платформасына «Сейілбек Шаухаманов атындағы №9 дарынды балаларға арналған облыстық «Білім-инновация» лицей-интернаты» КММ, «№10 дарынды балаларға арналған облыстық «Білім-инновация» лицей-интернаты» КММ, «Облыстық физика-математика бағытындағы «Білім-инновация» лицей-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемелерінің сұраныстарында көрсетілген.

Осыған сәйкес, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының 3-тармағы 2) тармақшасына сәйкес, бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу туралы шешім қабылдансын.

Қызылорда облысының
білім басқармасының басшысы **А. Есжанов**